

**"Жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 ақпандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № ҚР ДСМ-33 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 16 сәуірде № 18535 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.12.2020 № ҚР ДСМ-238/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі 42-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 ақпандағы № 12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14868 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 27 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қағаз және электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің

Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі*

*Е. Біртанов*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2019 жылғы 15 сәуірдегі  
№ ҚР ДСМ-33 бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 7 ақпандағы  
№ 12 бұйрығымен бекітілген

## **Жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) халыққа жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – ЖТМҚ) ұсыну Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 1112 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14630 болып тіркелген) бекітілген жоғары технологиялық медициналық қызметтердің түрлеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтаулар пайдаланылады:

1) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі - ӘЛМСҚ) – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ

медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алуды және оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) денсаулық сақтау ұйымы - денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) Емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) - тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерді стационарға емдеуге жатқызу жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

5) жоғары технологиялық медициналық қызметтер (бұдан әрі – ЖТМК) – диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурс сыйымды және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызметтер;

6) медициналық бұйымдар – медициналық мақсаттарда жеке немесе өзара ұштастырылып, сондай-ақ арнайы бағдарламалық қамтылымды қоса алғанда, көрсетілген бұйымдарды мақсаты бойынша қолдану үшін қажетті керек-жарақтармен бірге қолданылатын, аурулардың профилактикасы, диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және адам организмінің жай-күйін мониторингтеу, медициналық зерттеулер жүргізу, организмнің анатомиялық құрылымын немесе физиологиялық функцияларын қалпына келтіру, алмастыру, өзгерту, жүктілікті болғызбау немесе ұзу үшін медициналық бұйымды өндіруші арнап шығарған және функционалдық мақсаты адам организміне фармакологиялық, иммунологиялық, генетикалық немесе метаболизмдік әсер ету жолымен іске асырылмайтын және дәрілік заттарды қолдану арқылы сүйемелденуі мүмкін кез келген құралдар, аппараттар, аспаптар, жабдық, материалдар және басқа да бұйымдар;

7) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі – Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

8) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесі" болатын ақпараттық жүйе ;

9) "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы пайдаланушының кабинеті ( бұдан әрі – пайдаланушы кабинеті) – "электрондық үкімет" веб-порталының өтініштерді қарайтын субъектілерге өтініш беру мәселелері, сондай-ақ дербес деректерді пайдалану мәселелері бойынша электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен ресми ақпараттық өзара іс-қимылына арналған құрам-бөлігі.

## **2-тарау. ЖТМҚ ұсынуға денсаулық сақтау ұйымдарының сәйкестігі туралы қорытындыны алу тәртібі**

4. ЖТМҚ стационарлық көмек және стационарды алмастыратын көмек нысанында ұсынылады.

5. Денсаулық сақтау ұйымының келесі жылға ЖТМҚ ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындысын (бұдан әрі – Қорытынды) алу үшін ЖТМҚ ұсынуға үміткер денсаулық сақтау ұйымы ағымдағы жылдың 15 қазанынан кешіктірмей денсаулық сақтау ұйымының ЖТМҚ ұсынуға сәйкестігіне өтінімді ресурстарды басқару ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "РБЖ" АЖ) электрондық түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – Бөлімше) жібереді.

6. ЖТМҚ-ны ұсынуға алғаш үміткер денсаулық сақтау ұйымы (оның ішінде ЖТМҚ-ның белгілі бір түрін ұсынуға алғаш өтінім берген денсаулық сақтау ұйымы) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Бөлімшеге ағымдағы жылы ЖТМҚ ұсынуға өтінім береді.

7. Денсаулық сақтау ұйымы өтінімдегі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр және медициналық бұйымдар бойынша (бұдан әрі - МБ) ЖТМҚ ұсынатын денсаулық сақтау ұйымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Сипаттама) сәйкестік туралы мәліметті көрсетеді.

8. Бөлімше:

1) ЖТМҚ ұсынуға үміткер денсаулық сақтау ұйымдарынан өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде кадрлар мен МБ Сипаттамаға сәйкестігін бағалауды жүргізеді;

2) Сипаттамаға сәйкес келген жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтінім тіркелген күннен бастап күнтізбелік бір жылға қолданылу мерзімі бар ЖТМҚ ұсынуға үміткерге өтінім беруші денсаулық сақтау ұйымына Қорытынды береді;

3) Сипаттамаға сәйкес келген жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтінімді тіркеген күннен бастап ағымдағы жылдың аяғына дейін ЖТМҚ ұсынуға алғашқы үміткерге (оның ішінде ЖТМҚ-ның белгілі бір түріне алғаш өтінім берген денсаулық сақтау ұйымы) Қорытынды береді;

4) ЖТМҚ-ны ұсынуға бұрын Қорытынды алған денсаулық сақтау ұйымдарына мынадай қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-құқықтық нысандарын өзгерту, заңды тұлғаны ауыстыру, объектіні уәкілетті орган немесе денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары растаған сенімгерлік басқаруға беру жағдайларында қызметтің өндірістік базасы мен бейінін сақтай отырып, қызметін жоспарлайтын немесе жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес Қорытындыны қайта ресімдейді.

Сәйкестік туралы Қорытынды "РБЖ АЖ"-да Бөлімшенің бірінші басшының немесе оның орнына қалған адамның қолы қойылып беріледі.

9. Денсаулық сақтау ұйымы Бөлімшенің оң Қорытындысын ӘлМСҚ-қа жібереді.

10. Денсаулық сақтау ұйымы міндетті түрде, ЖТМҚ-ға қызмет көрсетуге рұқсат етілген маман жұмыстан босатылған (басқа лауазымға ауыстырылған) немесе ауыстырылған жағдайда, сондай-ақ ұзақ мерзімді (3 айдан астам) жөндеуді немесе оны ауыстыруды талап ететін өтінім берілген МБ бұзылған жағдайда он жұмыс күні ішінде "РБЖ" АЖ-дағы мәліметті жаңартады.

11. Тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттауға өтінім берген кезде "Тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау және тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау жөніндегі денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 534 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11743 тіркелген) сәйкес Бөлімшеге сертификаты бар кемінде екі маман деректерін ұсынуы тиіс.

12. ЖТМҚ атауы/коды өзгерген жағдайда Бөлімше ЖТМҚ ұсынуға үміткер денсаулық сақтау ұйымы өтінімінің негізінде Сипаттамаға сәйкес болған кезде өтінім келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде Қорытындыны жаңа кодқа/атауға сәйкес қайта ресімдейді.

### **3-тарау. Пациентке ЖТМҚ ұсыну тәртібі**

13. Денсаулық сақтау ұйымы пациенттің тіркелген жері бойынша ол жүгінген кезде бейінді маман қорытындысының негізінде пациенттің құжаттарын жоғары технологиялық медициналық қызметтер жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – ЖТМҚ комиссиясы) жібереді.

Пациенттің тіркелген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымы оны тиісті бейіні бойынша ЖТМҚ ұсынылатын денсаулық сақтау ұйымының альтернативті таңдау мүмкіндігі туралы хабарлайды.

14. Пациенттің тіркелген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымы пациенттің құжаттар пакетін қағаз немесе электрондық түрде ЖТМҚ комиссиясының қарауына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына (бұдан әрі - ДСБ) жібереді.

ЖТМҚ комиссиясын ДСБ-басшысы ДСБ-ның бейінді мамандарынан ЖТМҚ ұсынатын денсаулық сақтау ұйымына пациентті жіберу мәселесін шешу үшін құрады.

15. ЖТМҚ комиссиясы ұсынатын құжаттардың пакеті өзіне мынаны қамтиды :

1) "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-тармағына сәйкес пациенттің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (бұдан әрі - № 907 бұйрық) бекітілген 201/е нысаны бойынша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) стационарға, күндізгі стационарға емдеуге жатқызуға жолдама;

3) емдеуші дәрігердің, бөлімше меңгерушісінің немесе бас дәрігердің емдеу-профилактика ісі жөніндегі орынбасарының қолдарымен, сондай-ақ, денсаулық сақтау ұйымының мөрімен куәландырылған клиникалық диагнозды көрсете отырып, пациенттің амбулаториялық картасынан немесе стационарлық науқастың сырқатнамасынан алынған көшірме;

4) клиникалық-диагностикалық (зертханалық, аспаптық және функционалдык ) зерттеулердің нәтижелері, бейінді мамандардың диагностика және емдеу бойынша клиникалық хаттамаларына сәйкес консультация.

16. № 907 бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына қосымшаға сәйкес электрондық форматта қалыптастырылған емдеуге жатқызуға жолдамасын пациент:

1) веб-порталдағы пайдаланушы кабинетінде;

2) ЖТМҚ ұсынатын денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу кезінде қабылдау бөлімінде;

3) тіркелген орны бойынша денсаулық сақтау ұйымына сұрау салу бойынша алуға мүмкіндігі бар;

17. ЖТМҚ комиссиясы:

1) пациенттің құжаттарын келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күнінің ішінде ЖТМҚ комиссиясы сырттай қарайды;

2) ЖТМҚ ұсынатын денсаулық сақтау ұйымдарына пациентті жіберудің негізділігін анықтайды;

3) хаттама түрінде ресімделген шешімді қабылдайды.

18. ЖТМҚ комиссиясы оң шешім қабылдаған кезде ЖТМҚ комиссиясы өтінімді пациенттің құжаттар пакетін бекіте отырып Порталға тіркейді.

19. ЖТМҚ ұсынатын денсаулық сақтау ұйымы Порталда пациенттің құжаттарымен бірге келіп түскен емдеуге жатқызуға жолдаманы келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды және стационарға емдеуге жатқызу күнін белгілейді.

20. Пациенттің тіркелген орны бойынша денсаулық сақтау ұйымы Порталда жолдамадағы ЖТМҚ ұсынатын денсаулық сақтау ұйымы белгілеген емдеуге жатқызу күнін қарап, стационарға емдеуге жатқызу күні туралы пациентке бір жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Пациентке ЖТМҚ ұсынатын ұйымға емдеуге жатқызу күні туралы:

1) ауызша хабарлама;

2) sms-хабарлама;

3) веб-порталындағы пайдаланушы кабинетінде электрондық хабарлама;

4) медициналық ақпараттық жүйелерде, сонымен қатар мобилдік қосымшалар арқылы хабарлануы мүмкін.

21. Пациент денсаулық сақтау ұйымында стационарлық ем қабылдаған жағдайда, пациентке ЖТМҚ көрсету туралы медициналық көрсетілімдер болған кезде емдеуші дәрігер бөлімше меңгерушісімен бірге/осы денсаулық сақтау ұйымы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп стационарлық науқастың медициналық картасының көшірмесін электрондық поштамен (сканерленген түрде) ЖТМҚ комиссиясының қарауына жібереді.

Денсаулық сақтау ұйымында жатқан пациентке ЖТМҚ көрсету туралы оң шешім қабылданған кезде ЖТМҚ комиссиясы жолдаманы Порталда тіркейді.

22. ЖТМҚ көрсету аяқталғаннан кейін ЖТМҚ орындаған денсаулық сақтау ұйымы пациенттің тіркелген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына, одан әрі емдеу-қадағалау ұсынымдарымен пациенттің көшірме эпикризін, сондай-ақ бірлескен тиімділік мониторингінің жоспарын жібереді.

23. Пациенттің тіркелген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымы ЖТМҚ ұсынғаннан кейінгі пациенттің жай-күйіне динамикалық бақылау жүргізеді (жүргізілген операциядан кейін бір жылдың ішінде асқынулар, мүгедектік, тірі қалу, өлім) және келесі есепті жылдың бірінші тоқсанында ДСБ-ға есеп береді.

24. Тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау түріндегі ЖТМҚ-ны жүргізгеннен кейін "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 88-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттаудан кейін жергілікті атқарушы органдар пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

Жоғары технологиялық  
медициналық көрсетілетін  
қызметтерді ұсыну  
қағидаларына  
1-қосымша  
нысан

\_\_\_\_\_ жылға жоғары технологиялық медициналық қызметтерді (бұдан әрі - ЖТМҚ) ұсынуға денсаулық сақтау ұйымдарының сәйкестігіне өтінім

Денсаулық сақтау ұйымы \_\_\_\_\_

(толық заңды атауы)

ЖТМҚ ұсынуға рұқсат беруді сұрайды:

№	Коды	ЖТМҚ түрі	Кадрлар туралы мәліметтер	Медициналық бұйымдар туралы мәліметтер	Жоспарланған ЖТМҚ көлемі

Ескертпе:

1. Осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ЖТМҚ ұсынуға үміткер денсаулық сақтау ұйымы толтырады.



2. Алғаш рет ЖТМК ұсынуға үміткер денсаулық сақтау ұйым "Жоспарланған ЖТМК көлемі" деген бағанды толтырмайды.

Жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларына 2-қосымша

### Жоғары технологиялық медициналық қызметтерді ұсынатын денсаулық сақтау ұйымдарының сипаттамасы

№	Коды	Түрлердің атауы	Кадрлар	Медициналық бұйымдар
1. Бірегей түрлері				
Хирургиялық бейін				
1.	00.93	Транспланттау үшін кадаврдан ағзаларды және/немесе тіндерді алу	Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология)" мамандығы бойынша сертификаты бар кемінде екі маманның, транспланттау бөлімшесінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің, ағзаларды транспланттау бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру туралы куәліктің болуы.	Гемодиализ және гемодиасүзгілеу үшін аппарат-кемінде 2, доплері бар ультрадыбыстық аппарат – кемінде 2, компьютерлік томограф-1, ангиограф -1, операциялық коагулятор-кемінде 2, аспирациялық сорғыш -2, дәрілік заттар дозаторы -4, электрокардиограф -1, өкпені жасанды желдету аппараты -2, микрохирургиялық аспаптар жиынтығы-2, тамырлық аспаптар жиынтығы -2, хирургиялық аспаптар жиынтығы (жаракеңейткіш) - 2, пациентті бақылауға арналған монитор -2, пациенттің дене салмағын анықтауға арналған таразылар-1, донорлық ағзаны тасымалдауға арналған контейнер-3,қышқыл-сілтілік күйдің анализаторы-1, ультрадыбыстық хирургиялық аспиратор-1.
2.	02.93	Интракраниалдық нейростимулятордың	Штатта "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, мамандығы бойынша кемінде	Функционалдық нейрохирургияға және биопсияға арналған жүйе. Наркоздық-тыныс алу аппараты. "Сүйектерді өңдеуге арналған жиынтық"-тан "Краниотом". Магниттік-резонанстық томограф.Нейрохирургияға арналған аксессуарлары бар нейрохирургиялық

		электродын (электродтарын) импланттау немесе ауыстыру	108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	операциялық үстел. Нейрохирургиялық құралдар жиынтығы. Микронеурхирургиялық құралдар жиынтығы. Операциялық коагулятор. Ультрадыбыстық диссектор.
3.	03.93	Арқалық нейростимулятордың электродын (электродтарын) импланттау немесе ауыстыру	Штатта "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Наркоздық-тыныс алу аппараты. С-доғасы бар рентгендік мобильдік хирургиялық аппарат. Арқалық нейрохирургия үшін жиынтығы бар электротрепан. Магниттік-резонанстық томограф. Нейрохирургияға арналған аксессуарлары бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Компьютерлік томограф. Арқалық нейрохирургия үшін нейрохирургиялық құралдар жиынтығы.
4.	33.5	Өкпені транспланттау	Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология)" немесе "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандықтары бойынша сертификаты бар кемінде екі маманның, трансплантология мәселелері, кадаверден ағзаларды алу және донорлық ағзаларды тасымалдау, оның ішінде мамандандырылған жабдықтарды пайдалана отырып адам ағзаларын тасымалдау мәселелері бойынша біліктілігін арттыру туралы куәліктің, транспланттау бөлімшесінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің, ағзаларды транспланттау бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру туралы куәліктің болуы.	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор. Перфузор. Инфузомат.Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат. Аффференттік гемокоррекцияға арналған аппарат. Донорлық өкпенің перфузиясына арналған аппарат.
				Гемодиализ және гемодиасүзгілеу үшін аппарат. Аортаішілік баллонды контрпульсатор үшін аппарат.

5.	33.6	"Жүрек - өкпе" кешенін аралас транспланттау	<p>Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология)" немесе "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандықтары бойынша сертификаты бар кемінде екі маманның, трансплантология мәселелері, кадаверден ағзаларды алу және донорлық ағзаларды тасымалдау, оның ішінде мамандандырылған жабдықтарды пайдалана отырып адам ағзаларын тасымалдау, "жүрек-өкпе" кешенін транспланттау мәселелері бойынша біліктілігін арттыру туралы куәліктің, транспланттау бөлімшесінде жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, ағзаларды транспланттау бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру туралы куәліктің болуы.</p>	<p>Қанның центрифугалық сорғышы. Донорлық ағзаны тасымалдауға арналған аппарат . Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Операциялық монитор. Перфузор. Инфузомат. Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат. Афференттік гемокоррекцияға арналған аппарат. Донорлық өкпе және жүректі ex vivo перфузиясына арналған аппарат.</p>
6.	37.51	Жүректі транспланттау	<p>Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология)" немесе "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар кемінде екі маманның, трансплантология мәселелері, кадаверден ағзаларды алу және донорлық ағзаларды тасымалдау, оның ішінде мамандандырылған жабдықтарды пайдалана отырып адам ағзаларын</p>	<p>Гемодиализ және гемодиасүзгілеу үшін аппарат. Аортаішілік баллонды контрпульсатор үшін аппарат. Қанның центрифугалық сорғышы. Донорлық ағзаны тасымалдауға арналған аппарат . Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Операциялық монитор.</p>

			<p>тасымалдау мәселелері бойынша біліктілігін арттыру туралы куәліктің, транспланттау бөлімшесінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің, ағзаларды транспланттау бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру туралы куәліктің болуы.</p>	<p>Перфузор. Инфузомат. Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат. Афференттік гемокоррекцияға арналған аппарат. Донорлық жүректі ex vivo перфузиясына арналған аппарат.</p>
7.	37.66	Имплантацияланатын қосалқы жүрек жүйесін енгізу	<p>Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, мамандық бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.</p>	<p>Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор. Перфузор. Инфузомат. Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Афференттік гемокоррекцияға арналған аппарат. NO (азот монооксиді) беруге арналған аппарат.</p>
			<p>Штатта "Гематология (иммунофенотиптік, ересектер)" немесе "Онкология және гематология (балалар)" немесе "Жалпы хирургия (трансплантология)"</p>	<p>Палаталар гепа–сүзгілермен немесе ауаның ламинарлық ағынын айдайтын өзге де құрылғылармен жабдықталуы тиіс; палаталар тәулік бойғы посты бар бір орынды болуы тиіс. Зертхана цитологиялық, цитогенетикалық, иммунофенотиптік, иммуногистохимиялық, молекулалық–генетикалық, гемостазиологиялық, микробиологиялық</p>

8.	41.06	Кіндік дің жасушаларын транспланттау	мамандықтары бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, гемопоэздік дің жасушаларын транспланттау мәселелері бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	зерттеулерді, HLA типтеуді ( шарт негізінде мүмкін) орындауға мүмкіндік беруі тиіс . Діңдік жасушаларды дайындау және биотехнология зертханасы биоматериал жинауға арналған жабдықтармен (жасушалар сепараторы және/немесе ж а с у ш а л а р биотехнологиясының механикалық тәсілі), ағынды цитофлуориметрмен, криосақтағышқа арналған жабдықтармен және ламинарлық шкафттармен ( шарт негізінде мүмкін) жабдықталуы тиіс.
9.	41.10	Феталдық бағаналық жасушаларды транспланттау	Штатта "Гематология ( ересектер)" немесе "Онкология және гематология (балалар)" немесе "Жалпы хирургия ( трансплантология)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, гемопоэздік дің жасушаларын транспланттау мәселелері бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Палаталар гепа–сүзгілермен немесе ауаның ламинарлық ағынын айдайтын өзге де құрылғылармен жабдықталуы тиіс; палаталар тәулік бойғы посты бар бір немесе екі орынды болуы тиіс. Діңдік жасушаларды дайындау және биотехнология зертханасы биоматериал жинауға арналған жабдықтармен (жасушалар биотехнологиясының механикалық тәсілі және/ немесе жасушалар сепараторы) , ағынды цитофлуориметр, діңдік жасушаларды бөлуге арналған жабдық – ламинарлық шкаф, CO2 – инкубатор болуы тиіс. Зертхана цитологиялық, иммунофенотиптік, иммуногистохимиялық, молекулалық-генетикалық, гемостазиологиялық және микробиологиялық зерттеулерді, сондай-ақ HLA типтеуді (шарт негізінде мүмкін) орындауға мүмкіндік беруі тиіс.
				Байпас – қанайналымды тексеру аппараты. Молекулалық-адсорбциялаушы айналмалы жүйе. Гемодиализге және гемодиасүзгілеуге арналған аппарат-кемінде 2,

10	50.52	Кадаврдан бауырды транспланттау	<p>Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология)" мамандығы бойынша сертификаты бар кемінде екі маманның, трансплантология, кадаврдан ағзаларды алу және донорлық ағзаларды тасымалдау, оның ішінде мамандандырылған жабдықтарды пайдалана отырып адам ағзаларын тасымалдау, бауырды транспланттау мәселелері бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің, транспланттау бөлімшесінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.</p>	<p>доплері бар ультрадыбыстық аппарат – кемінде 2, компьютерлік томограф-1, ангиограф -1, операциялық коагулятор-кемінде 2, аспирациялық сорғыш -2, дәрілік заттар дозаторы -4, электрокардиограф -1, өкпені жасанды желдету аппараты -2, бинокулярлық лупалар -2, микрохирургиялық аспаптар жиынтығы-2, тамырлық аспаптар жиынтығы -2, С-доға рентгенологиялық аппарат -1, гармоникалық ультрадыбыстық скальпель -2, лапароскопиялық эндобейнехирургиялық баған-1, хирургиялық аспаптар жиынтығы (жаракеңейткіш) - 2, пациентті бақылауға арналған монитор -2, пациенттің дене салмағын анықтауға арналған таразылар-1, донорлық ағзаны тасымалдауға арналған контейнер-1, қанның реинфузиясына арналған аппарат-1, қышқыл-сілтілік күйдің анализаторы-1, ультрадыбыстық хирургиялық аспиратор-1.</p>
11	52.80	Ұйқыбезін транспланттау, нақтыланбаған	<p>Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология)" мамандығы бойынша сертификаты бар кемінде екі маманның, трансплантология, кадаверден ағзаларды алу және донорлық ағзаларды тасымалдау, оның ішінде мамандандырылған жабдықтарды пайдалана отырып адам ағзаларын тасымалдау, бауырды транспланттау мәселелері бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің, транспланттау</p>	<p>Гемодиализге және гемодиасүзгілеуге арналған аппарат-кемінде 2, доплері бар ультрадыбыстық аппарат – кемінде 2, компьютерлік томограф-1, ангиограф -1, операциялық коагулятор-кемінде 2, аспирациялық сорғыш -2, дәрілік заттар дозаторы -4, электрокардиограф -1, өкпені жасанды желдету аппараты -2, бинокулярлық лупалар -2, микрохирургиялық аспаптар жиынтығы-2, тамырлық аспаптар жиынтығы -2, гармоникалық ультрадыбыстық скальпель -2, хирургиялық аспаптар жиынтығы (жаракеңейткіш) - 2, пациентті бақылауға арналған монитор -2, пациенттің дене салмағын анықтауға арналған</p>

			бөлімшесінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.	таразылар-1, донорлық ағзаны тасымалдауға арналған контейнер-1, қанның реинфузиясына арналған аппарат-1, қышқыл-сілтілік күйдің анализаторы-1, ультрадыбыстық хирургиялық аспиратор-1.
12	55.62	Кадаврдан бүйректі транспланттау	Штатта "Жалпы хирургия" (трансплантология)" мамандығы бойынша сертификаты бар кемінде екі маманның, трансплантология, кадаверден ағзаларды алу және донорлық ағзаларды тасымалдау, оның ішінде мамандандырылған жабдықтарды пайдалана отырып адам ағзаларын тасымалдау, бауырды транспланттау мәселелері бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің, транспланттау бөлімшесінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.	Гемодиализге және гемодиасүзгілеуге арналған аппарат-кемінде 2, доплері бар ультрадыбыстық аппарат – кемінде 2, компьютерлік томограф-1, ангиограф -1, операциялық коагулятор-кемінде 2, аспирациялық сорғыш -2, дәрілік заттар дозаторы -4, электрокардиограф -1, өкпені жасанды желдету аппараты -2, бинокулярлық лупалар -2, микрохирургиялық аспаптар жиынтығы-2, тамырлық аспаптар жиынтығы -2, хирургиялық аспаптар жиынтығы (жаракенейткіш) - 2, пациентті бақылауға арналған монитор -2, пациенттің дене салмағын анықтауға арналған таразылар-1, донорлық ағзаны тасымалдауға арналған контейнер-1, қанның реинфузиясына арналған аппарат-1, қышқыл-сілтілік күйдің анализаторы-1.
13	99.791	Қанның гематопозддік дің жасушаларын дайындау	Штатта "Гематология (ересектер)" немесе "Онкология және гематология (балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің, сүйек кемігін транспланттау мәселелері бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Гепатосүзгілермен немесе ауаның ламинарлық ағынын айдайтын өзге де құрылғылармен жабдықталған бір-екі орындық палатаның болуы, жасанды желдету аппаратымен пациенттің мониторларымен жарактандырылған. Дің жасушаларын дайындау зертханасы жасушаларды жинауға арналған жабдықпен (жасушалар сепараторы), ағынды цитофлуориметрмен, криосақтағышқа арналған жабдықпен (қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша мүмкін) жабдықталуы тиіс.

## Терапиялық бейін

14	92.247	Сызықтық үдеткіште фотондарды қолдану арқылы қашықтықтан сәулелік терапия	Штатта "Сәулелік терапия" (радиациялық онкология) мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, сәулелік терапияның жоғары технологиялық тәсілдері мәселелері бойынша кемінде 216 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы. Физика немесе жоғары техникалық білімді, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің, ұзындық үдеткіштермен кемінде 2 жыл (циклдық) жұмыс тәжірибесі бар маманның болуы. Иондаушы сәулелеу көздерімен жұмыс жасауға рұқсаттың болуы.	Спиральді және гентридің тіркелген бұрыштары режимдерінде емдеу мүмкіндігімен, сәулелік терапияға арналған томотерапиялық жүйесі, қозғалмайтын сақиналы (айналмалы) гентрипорталмен, 6 MV моноэнергетикалық ұзындық үдеткішпен, алғашқы коллимация жүйесімен, бинарлы мультижапырақты коллиматормен, сәулеленудің веерлік шоғырын беруімен, визуализацияға арналған мегавольтты компьютерлік-томографиялық жоғары шешімді детекторлық жүйесімен, жоспарлаудың дозиметрлік жүйесімен, позиционерлеудің бақылау панельдерімен, лазерлі позиционерлеу жүйесімен, жоғары сипатты процедуралар кушеткаларымен жабдықталған. Жоспарлаудың емдеудің қоса орнатылған, толық интегриленген жүйесі. Имобилиздеуші бейімдеу кешені, вакуумдық матрастар насосы; баска, бас пен мойынға және денеге киетін термопластикалық маскалар. Термопластикалық маскалар үшін су ванналары. Дозиметриялық құрал-жабдықтың стандартты жиынтығы.
2. Негізгі түрлері				
Хирургиялық бейін				
15	00.50	Жалпы жүйенің дефибриляторын ескертусіз бивентрикулярлық	Штатта "Кардиология (интервенциялық кардиология) (ересектер)" немесе "Кардиология (интервенциялық аритмология) (ересектер)" немесе "Кардиология (интервенциялық кардиология) (балалар)" немесе "Кардиология (интервенциялық аритмология) (балалар)" "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша	



		электрокардиостимуляторды импланттау (CRT-P)	сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің, аритмология мәселелері бойынша 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің, иондаушы сәулелеу көздерімен жұмыс жасауға рұқсаттың болуы.	Гемодинамика жүйесі бар ангиографиялық қондырғы.
16	00.51	Жалпы жүйенің бивентрикулярлық дефибрилляторын импланттау (CRT-D)	Штатта "Кардиология (интервенциялық кардиология) (ересектер)" немесе "Кардиология (интервенциялық аритмология) (ересектер)" немесе "Кардиология (интервенциялық кардиология) (балалар)" немесе "Кардиология (интервенциялық аритмология) (балалар)" "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің, аритмология мәселелері бойынша 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілік арттыру туралы куәліктің, иондаушы сәулелеу көздерімен жұмыс жасауға рұқсаттың болуы.	Гемодинамика жүйесі бар ангиографиялық қондырғы.
17	00.65	Стенттерді бассүйекшілік артерияларға тері арқылы импланттау	Штатта "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы, эндоваскулярлық нейрохирургия мәселелері бойынша кемінде 432 сағат көлемінде соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Дуплекстік сканер. Ангиографы бар рентген-операция бөлмесі. Гемодинамиканың интраоперациялық мониторингі. Наркоздық-тыныс алу аппараты. Магниттік-резонанстық томограф. Компьютерлік томограф.
				Интраоперациялық электроэнцефалограф. Миға араласу үшін хирургиялық навигациялық құрылғы. Операциялық нейрохирургиялық микроскоп. Функционалдық нейрохирургия мен биопсияға арналған жүйе. Наркоздық-тыныс алу

18	01.53	Эпилепсия кезінде мидың лобэктомиясы	Штатта "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.	аппараты. "Сүйектерді өңдеуге арналған жиынтық"-тан "Краниотом". Магниттік-резонанстық томограф. Нейрохирургияға арналған аксессуарлары бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Компьютерлік томограф. Нейрохирургиялық құралдар жиынтығы. Микронеурхирургиялық құралдар жиынтығы. Операциялық коагулятор. Ультрадыбыстық диссектор.
19	03.7992	Негіздемелік стереотаксиялық жүйені қолданумен операция	Штатта "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Функционалдық нейрохирургия мен биопсияға арналған жүйе. Наркоздық-тыныс алу аппараты. "Сүйектерді өңдеуге арналған жиынтық"-тан "Краниотом". Магниттік-резонанстық томограф. Нейрохирургияға арналған аксессуарлары бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Компьютерлік томограф.
20	03.7993	Стереотаксиялық жүйені қолданумен ми нейростимуляторын импланттау	Штатта "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Функционалдық нейрохирургия мен биопсияға арналған жүйе. Наркоздық-тыныс алу аппараты. "Сүйектерді өңдеуге арналған жиынтық"-тан "Краниотом". Магниттік-резонанстық томограф. Нейрохирургияға арналған аксессуарлары бар нейрохирургиялық операциялық үстел. Компьютерлік томограф.
21	35.05	Аорталық қақпақшаны эндоваскулярлық ауыстыру	Штатта "Кардиология (интервенциялық кардиология) (ересектер)" немесе "Кардиология (интервенциялық кардиология) (балалар)" немесе "Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5	Гемодинамика жүйесі бар ангиографиялық қондырғы. Наркоздық-тыныс алу аппараты. Бифаздық

			жыл жұмыс өтілінің болуы, мамандық бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	дефибрилятор. Жасанды қанайналым аппараты.
22	35.11	Ауыстырмай аорталық қақпақшаның ашық вальвулопластикасы	Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, ашық жүрекке жылына өз бетінше кемінде 50 операция жасау тәжірибесінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде мамандық бойынша біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибрилятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор.Перфузор. Инфузомат . Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат.
23	35.12	Ауыстырмай митралдық қақпақшаның ашық вальвулопластикасы	Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, ашық жүрекке жылына өз бетінше кемінде 50 операция жасау тәжірибесінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибрилятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор.Перфузор. Инфузомат . Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Жасанды қанайналым аппараты. Наркоздық-тыныс алу аппараты. Экстракорпоралдық

				мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат.
24	35.121	Митралдық тесік стенозының баллондық вальвулопластикасы	Штатта "Кардиология (интервенциялық кардиология) (ересектер)" немесе "Кардиология (интервенциялық кардиология) (балалар)" немесе "Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, көрсетілген мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Гемодинамика жүйесі бар ангиографиялық кондырғы. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Бифаздық дефибрилятор. Аортаішілік балонды контрпульсатор. Пульс жиілігінің датчигі бар эхокардиография.
25	35.14	Ауыстырмай үшжармалы қақпақшаның ашық вальвулопластикасы	Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, ашық жүрекке жылына өз бетінше кемінде 50 операция жасау тәжірибесінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор. Перфузор. Инфузомат . Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат.
			Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика

26	35.21	Аорталық қақпақшаны тіндік транспланттаумен ашық және басқаша ауыстыру	сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, ашық жүрекке жылына өз бетінше кемінде 50 операция жасау тәжірибесінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	функциясы бар монитор.Перфузор. Инфузомат . Хирургиялық электрокоагулятор. Өңеш арқылы бергіш. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Мониторингі бар 0,5 кг-дан пациенттерге арналған наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат.
27	35.23	Тіндік транспланттаумен митралдық қақпақшаны ашық және басқаша ауыстыру	Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, ашық жүрекке жылына өз бетінше кемінде 50 операция жасау тәжірибесінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор.Перфузор. Инфузомат . Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат.
28	35.33	Аннулопластика	Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, ашық жүрекке жылына өз бетінше кемінде 50 операция жасау	Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор.Перфузор. Инфузомат . Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор.

			<p>тәжірибесінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.</p>	<p>Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Наркоздық-тыныс алу аппараты. Жасанды қанайналым аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат.</p>
29	35.55	<p>Протездеу арқылы қарыншааралық қалқаншаның ақауын жабық әдіспен жою</p>	<p>Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, ашық жүрекке жылына өз бетінше кемінде 50 операция жасау тәжірибесінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.</p>	<p>Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор.Перфузор. Инфузомат . Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Жасанды қанайналым аппараты. Наркоздық-тыныс алу аппараты. Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат.</p>
30	35.82	<p>Өкпе веналарының аномалдық қосылысын толық қалпына келтіру</p>	<p>Штатта "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаты бар маманның, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің, ашық жүрекке жылына өз бетінше кемінде 50 операция жасау тәжірибесінің, мамандығы бойынша кемінде 108 сағат көлемінде соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру туралы куәліктің болуы.</p>	<p>Синхрондау функциясы бар бифазды дефибриллятор. У а қ ы т ш а электрокардиостимулятор. Жүрек пен қан тамырларын ультрадыбыстық зерттеуге арналған стационарлық немесе портативтік аппарат. Инвазивтік гемодинамика функциясы бар монитор.Перфузор. Инфузомат . Өңеш арқылы бергіш. Хирургиялық электрокоагулятор. Электролиттерді анықтаумен қышқыл-негізгі тепе-теңдік талдағышы. Хирургиялық аспиратор (сору). Жасанды қанайналым аппараты. Наркоздық-тыныс алу аппараты. Экстракорпоралдық</p>

				мембраналық оксигенация жүргізуге арналған аппарат.
